

Зырян ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірістерінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 469 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 5452 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 10 қыркүйектегі № 382 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 10.09.2024 № 382 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Зырян ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Зырян ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірістерінің бір бөлігін аудару нормативі таза кіріс сомасынан 5 пайыз көлемінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі

Н. Токсеитов